

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Филология факультеті**  
**Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің**

**№3 ХАТТАМАСЫ**

24.11.2022 ж.

**Түркістан қаласы.**

**Қатысқандар:**

**комиссия төрайымы:**

1. Қазыханқызы Лазура – PhD, аға оқытушы;

**комиссия мүшелері:**

2. Д.Мутанова – PhD, аға оқытушы
3. П.Адиева – ф.ғ.к., доцент;
4. Ы. Нұрмағанбетова – аға оқытушы;
5. Ш.А.Каримова - аға оқытушы;
6. А.Байдаулетова – оқытушы;
7. С.Қонысова - оқытушы;
8. Д.Саржанова – докторант;
9. Ф.Маккамбаева – магистрант;
10. Ж.Жумабекова- студент
11. А.Сейтжанова – әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

**Шақырылғандар:**

12. Л.Ибрагимова -Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы
13. А.Өзтүрк -Филология факультетінің деканы
14. Ж.Суинжанова -Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары

**Комиссия хатшысы:**

15. А.Қонысова –оқытушы

**Қатыспағандар: -**

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау;
2. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау;
3. Қашықтан оқыту технологиясын қолданып оқыту, сабақтар жүргізу, ағымдық, аралық бағалау процестерінің бекітілген талаптарға сәйкестігін бақылау
4. Қараша айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

**Тыңдалды:**

1. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы Қазыханқызы Лазура сөз алып күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерін баяндады.  
 Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіндегі 2-қосымша бойынша оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер және 8-қосымша бойынша цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы айта отырып, біліктілік талаптарына сәйкес мамандықтар бойынша әр пәннен оқытылатын тіліне сәйкес (соңғы 10 жылда шығарылған) кемінде 1 оқулық немесе оқу құрал, 1 оқу-әдістемелік құрал, 1 цифрлық тасымалдағышта әдебиеттің болуы шарт (1 қосымша) екенін

ескере өтті. Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіндегі 2-ші және 8-қосымшаға енген әдебиеттер силлабуста көрсетілуі тиіс. Сонымен қатар бұл әдебиеттер міндетті түрде университет кітапханасының қорында болуы керек. Цифрлық тасымалдағыштардағы әдебиеттер [www.library.ayu.edu.kz](http://www.library.ayu.edu.kz), <http://rmebrk.kz> электрондық ресурстардың базаларында анықталған болуы тиіс. Талдау нәтижесі бойынша факультетіміздің білім беру бағдарламаларының пәндерінің оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыздандыру көрсеткіші жоғары дәрежеде екенін айта өтті.

**Шешім:** ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалансын.

2. Келесі мәселе бойынша сөз кезегін алған факультеттің деканы А.Өзтүрк оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақты сапалы әрі қызықты өтуге ұмтылып жатқандығын айтты. Факультеттің ПОҚ сабақ өту барысында мультимедиялық оқыту технологиясы, деңгейлік-саралан оқыту технологиясы, ұжымдық оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, жаңа ақпараттық коммуникациялық технологиясы, тренингтік оқыту технологиясы және проблемалық оқыту технологиясы кеңінен қолданылады. Оқытушыларының сабақ беру барысында жаңа технологиялар мен әдістемелерді кеңінен қолданылуына байланысты, студенттердің үлгерімі артатыны белгілі. 2022-2023 оқу жылында оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша факультет ПОҚ үшін ішкі әдістемелік семинарлар мен тренингтер өткізу жоспар бойынша орындалып жатқандығын, сонымен қатар факультеттік деңгейінде әдістемелік семинарлар ұйымдастырылып отыратынын айтты. Семинар мақсаты қазіргі таңда оқытудың инновациялық әдістер мен технологияларын қашықтан оқыту жүйесіне енгізу болды. Комиссия мүшелері өзара талқылап, ұсыныстарын айтты.

**Шешім:** ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысы қадағалансын.

3. Үшінші мәселе бойынша комиссия төраймы дәстүрлі және қашықтан оқыту технологиясын қолданып оқыту, сабақтар жүргізу, ағымдық, аралық бағалау процестерінің орын алу жағдайын сұрады. Әр кафедра мүшелері оқытушылардың арасында дәстүрлі және қашықтан оқыту технологиясын қолданып оқыту барысында еш қиындық тумағанын, сабақтардың бір қарқында өтіп жатқандығын мәлімдеді.

Қашықтықтан білім беру процесінде оқытушылар болсын студенттер болсын MOODLE, PLATONUS, ZOOM, Google, Яндекс, mail.ru, YOUTUBE және Қазақстанның Ұлттық ашық білім беру платформалары (mooks.kz) қолданылады. Ақпараттық-ресурстық орталығының қашықтықтан білім беру мүмкіндіктері бар дерекқорлары <http://lib.ayu.edu.kz/>

- Grebennikon электронды кітапханасын пайдалану үшін төмендегі берілген логин және құпия сөз арқылы барлық мақалалармен видеоматериалдарды тек қана қарап оқып шығуға мүмкіндік берілген <https://grebennikon.ru>
- РЖОЭК (Республикалық ЖОО аралық Электронды кітапхана) оқулықтарын «Вконтакте», «Инстаграм» әлуметтік желілерінен [http://rmebrk.kz/social\\_login](http://rmebrk.kz/social_login) сілтемесі арқылы алуға болады.
- Қазақстандық Ұлттық электронды кітапханасы: <http://kazneb.kz/>.
- Университеттің электронды ресурстары <http://library.ayu.edu.kz/>
- Электронды каталог <http://irbis.ayu.edu.kz/>

Қашықтықтан оқыту технологиясы (ҚБТ) бойынша кафедраларда кеңестер беру «on-line», «off-line» режимінде вебинар, бейне-сабақ түрінде ұйымдастырылып өткізіледі.

Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау және аралық аттестаттау оқу жұмыс жоспарына, академиялық күнтізбеге және оқу бағдарламаларына сәйкес қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалану арқылы жүзеге асырылады, яғни университетіміздің [www.ayu.edu.kz](http://www.ayu.edu.kz) сайты пайдалану арқылы. Әр аптада Ayu.portal жүйесінде профессор-оқытушы құрамы жүктелген пәндерден лекция, практикалық, зертханалық жұмыстар бойынша студенттердің білімдерін бағалап отырады. Қорытынды бағалауда студент әр блок кезінде студенттің өзіндік жұмысын жүйеге тіркеп отырады. Себебі жүйе студенттің қорытынды бағасын мұғалім тарапының қойылған бағаның 60% есептесе, өзіндік жұмысқа 40% есептеліп шығады.

Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбенің бекітілген мерзімдеріне сәйкес жүргізіледі. Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау Оқу пәнінің әрбір тақырыбы бойынша жүргізіледі және аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда білімді бақылауды қамтиды. Ағымдағы бақылауды бағалау (рұқсат беру рейтингін бағалау) аудиториялық сабақтардағы ағымдағы бақылауды бағалаудан және аралық бақылауды бағалаудан (аудиториядан тыс сабақтар) тұрады. Пәннің оқу бағдарламасында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылаудың әртүрлі түрлері айқындалады: ауызша сауалнама, жазбаша бақылау, аралас бақылау, үй тапсырмаларын таныстыру, пікірталастар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, кейс-стади, тесттер және т.б. білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың қолданылатын критерийлері мен әдістері оқу пәні бойынша бірінші сабақта назарға жеткізіледі. Үлгерімді ағымдағы бақылау кезінде білім алушылардың оқу жетістіктері әрбір орындалған тапсырма үшін 100 балдық шәкіл бойынша бағаланады (ағымдағы сабақтарға жауап, үй тапсырмасын тапсыру, ӨЖ, аралық бақылау). Осыған ұқсас тәсіл аралық және қорытынды аттестаттау кезеңінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау кезінде қолданылады. Ағымдағы және аралық бақылауды және қорытынды емтихандарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі "академиялық саясат" құжатында егжей-тегжейлі реттелген. <https://ayu.edu.kz/wp-content/plugins/pdf-poster/pdfjs/web/viewer.php?file=https://ayu.edu.kz/wp-content/uploads/2019/01/08.01.2021-akademijalyk-sajasat-2021-s-titulom-2.pdf&download=true&print=false&openfile=false>

**Шешім:** Дәстүрлі және қашықтан оқыту технологиясын қолданып оқыту, сабақтар жүргізу, ағымдық, аралық бағалау процестерінің бекітілген талаптарға сәйкестігін бақылансын.

Мәжіліс төрайымы:  Қазыханқызы Л.

Мәжіліс хатшысы:  Қонысова А.